




Багауова Назира Хайдаровна

Білімі / Образование	Жоғары
Нені және қашан бітірді / Что и когда окончил	Қарағанды Мемлекеттік Университет
Диплом бойынша мамандығы / Специальность по диплому	Математик Оқытушы
Еңбек өтілі / стаж	23ж
Бейіні бойынша еңбек өтілі / Стаж по профилю	
Санаты / категория	Педагог модератор



Курстары

«Өнеге
» интеллектуалды
білім порталы



«Өрлеу»
Біліктілікті арттыру ұлттық
орталығы



Алғыс хат
ООРММИК



Алғыс хат
«Ақмола дене
шынықтыру және
спорт басқармасы»



«Білім беру саласының көшбасшысы»

«БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ»
ҰСТАЗДЫҚ ЕКЕН ЖАЛЫҚПАС ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА



Бағауова Назира Хайдаровна
Ақмола облысы, Степногорск қаласы,
Бөгенбай батыр атындағы облыстық олимпиадалық
резервтің мамандандырылған мектеп-интернат - колледжі

Әл-Фараби бабамыз мен Абай атамыздан асқан ұстаз бар ма?
Абай - дара, Абай - дана!

Қазақтың ұлттық жазба әдеби негізін қалаған, поэтикалық тіл-дәстүрін, қазақ әдеби тілін, көркем әдебиет тілін дамытудағы орны мен қызметі ерекше. Олай болса, жас ұрпақтың бойына Абайдың қара сөзін, Абай оқуларын, Абайдың тілін үйрету әрбір ұстаздың, ата-ананың міндеті. Абайды оқыған әрбір ұрпақ саналы да, тәрбиелі болып, ана тілінде әсем сөйлейтін ұрпақ болып өсері сөзсіз.

Қазіргі таңда болашақ тәрбиесі ұрпақ үшін әрбір ата-ана, ұстаз терең ойлануы қажет. Бүгінгі күні жастар санасына қандай әсерін тигізіп отыр? Абай атамыз айтқандай: Әсемпаз болма әрінеге
Өнерпаз болсаң әрқалаң
Сенде бір кірпіш дүниеге
Кетпін тапта бар қалаң! - деген өлең жолдарын әрбір шәкірттің бойына сіңіре білу ұстаз парызы.

Тәрбие отбасы, жанұядан басталады. Дегенмен кәсіргі таңда көп ата-ана өз балаларына несиқұрайым қарайтыны жасырын емес, ащы шымдық. Көпбалалы отбасылардың балалары, жалғыз баласы бар отбасына қарағанда, балалары көпшіла болып өседі. Бірақ психологиялық жағынан кейбір отбасыларда біраз қиындықтар кездеседі. Сондай жағдайлар белгілі болып жатса, сол отбасының балаларымен педагог-психолог

жанашыр мұғалім ретінде, көмек қолын созып, жеке сөйлесіп, үй жағдайын сұраса, тыңдаса нұр үстіне, нұр болар еді.

Психологиялық тренингтер өткізу барысында, кейбір шәкірттеріміз ағынан жарылып, бала көңілімен ішіндегі жан сырын жасырмай айтқан кезде, жүрегің ауырып сол оқушымен жеке сұраласуға асығасын.

Ұстаздық жолымда бұндай оқиғалар көптеп кездесті. Өз тәжірбиемде талай қиын балалар болды. Сол уақытта балаларға ақыл-кеңестен басқа, материалдық жағынан да көмек көрсетіліп қиын жолдан алып шыққаным қаншама. Сырласу хаттары талай оқылып, ақыл-кеңес беріп, өмірге деген құшаршысың ояттып, қол үшін берген кездерім болды, әріне бұндай әрекеттерді тек мен ғана емес, талай жүрегі кең ұстаздар жасаған шығар.

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға деген сөз тегін айтпалмаса керек.

Ұстаз болу - жүректің батырлығы
Ұстаз болу - шындығы
Ұстаз болу - мінездің күн шуағы

Ұстаз болу-адамның асылдығы - деген Ғ. Қайырбековтің өлең шумағын оқығанда, мен өзімді бақытты сезінемін. Ұстаз болғаным мақтанамын. Өйткені ұстаз - мақтан тұтар мамандық, киелі әрі өте қиын мамандық.

Қазақтың бір туар перзенті батыр атамыз Б. Момышұлы айтқандай « Ұстазға ұям күрмет».

«БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ»

Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басысында данасында, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кішісін де ұстаз өсіреді.

Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да ардақтауға міндеттіміз. Бағасына лайықты ұстаз болу үшін көп еңбек жасау керек. Осы еңбектің арқасында талай оқушыларымыздың биіктен көрініп жатқанына мақтанамыз.

Қазіргі заманда қашықтықтан оқу кезінде де ұстаздар өз бағасын төмен түсірмейді. Өйткені қазіргі ұстаздардың атқарып жатқан еңбегі өте зор. Әлеуметтік желісі және басқада платформа арқылы тәрбие білім беруде, әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып тер төгуде. Озық тәжірбиегерлі және жаңа технологияларды пайдалану әрбір педагог маманның бұжытпас қағидасына айналды.

Әлемдік технологиялар арқылы іздену, әлемдік білім кеңістігіне шығу - қазіргі заман талабы. Болашақ ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін, қоғамымызда ілгері жетелейтін ол күш пен білім. Отанның, елінің, ана-тілін сүйетін, ұлттық мұраларды құрметтейтін, іскер де, шығармашы, өзіндік пікірі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу - әрбір ұстаздың міндеті.

Ұстаз жаратылысынан өзіне бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерін жанында сақтайтын, алғыр да, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсететін, қорқыныш пен жасқандуды білмейтін ержүрек болуы керек, - деп ұстазға биік баға берген.

Олай болса ұстаз шәкірт тәрбиелеуде ешқашан да жалықпаған. Әрбір педагогтың педагогикалық философиясының негізгі ұстанымы осыдан басқа не боламақ?! Болашақ жастар елдің ертеңін ойлайтын, дәстүрін дәріптейтін, ана тілін жетік білетін ұрпақ өсуге тілектеспін.

« Мәдениет,
тілдерді дамыту,
дене тәрбиесі
және спорт
бөлімі»
Степногорск қ.



Алғыс хат
Степногорск қ.





Қазақстан
Республикасы
«Өнеге»
Интеллектуалды білім
порталы

«Қазақстандық
салалық білім
және ғылым
қызметкерлері
кәсіптік одағының
Астана қаласы мен
Ақмола
облысының
ұйымы»





АЛҒЫС ХАТ

Құрметті

"Абырой" Республикалық интеллектуалды білім порталы Сізге
Республикалық қашықтықтан өтетін байқауға
балалардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырып,
белсенділік танытқаныңыз үшін зор алғысын білдіреді.
Сізге зор денсаулық және шығармашылық табыстар тілейміз.
Алдағы уақытта өріптестігіміз жалғасын табады деген сенімдеміз!




Бас редактор:
Әбдірахым Назерке Ернарзарқызы

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

Желілік басылым
лицензия номері: NQ KZ30VPY00029365